

Алтын сақа олимпиадасы

2022 жылдың 26 қазан күні «Зерделі» ақыл-ой дамыту мектебінің ұйымдастыруымен және «Астана дарыны» орталығының қолдауымен 5-6 сыныптар арасында «Алтын сақа» математикалық олимпиадасы өтті.

Олимпиаданың мақсаты – мектеп оқушыларының жоғары деңгейдегі олимпиадаларға дайындығын жақсарту және пән бойынша ерекше қабілетті балаларды анықтау, олимпиада резервін қалыптастыру.

Олимпиаданың міндеттері:

- математика пәні бойынша оқушылардың қызығушылығын қалыптастыру;
- қабілеті жоғары балаларды анықтау және интеллектуалды дамыған оқушыларды ынталандыру;
- оқушылардың математикалық ұғымдарды талдауын, өз ойын сауатты жеткізе білуге үйрету;
- дарынды балаларды қолдауға қажетті жағдай туғызу, жастар арасында ғылым негіздерін терең меңгеру, ғылыммен болашақта айналысуға бағыт беру;
- математика пәні мұғалімдерінің өзара тәжірибе алмасуы.

Олимпиада қашықтықтан және онлайн форматта өтті. Мектепшілік кезенге 5 сыныптардан 39 оқушы, 6 сыныптардан – 27 оқушы қатысқан. Осы кезеңнен жоғары ұпай жинаған оқушылар олимпиаданың аудандық кезеңіне қатысты. Барлығы аудандық кезенге мектептен 5 оқушы қатысты.

Аудандық кезеңнің қорытындысы бойынша Жұмабай Ернұр 2 орын, Тұяқбаев Ерали грамота алды.